

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ

7M01601 - Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды дайындау (Тарих)

Пән циклі	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Сағатпен (ECTS)
БП 1	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (БП)	35
1	Мемлекеттік және ұлттық бірегейліктің қалыптасуы: тарихи-эволюциялық моделі Мемлекеттік бірегейлік жөнінде түсінік. Тарихы. Мемлекеттік бірегейлік тарихы пәнінің пәнаралық байланыс сипаты. Бірегейлік – ғылыми зерттеудің бағыты ретінде.«Мемлекеттік және ұлттық бірегейліктің тарихи-эволюциялық моделі»: әлемдік және отандық тарихнамада.Ресейде зерттелу деңгейі. Қазіргі зерттеушілер еңбектерінде. Айтылған тарих – бірегейліктің зерттеу құралы ретінде: зерттеу теориясы мен әдістері.	5
2	Қазақстанның жаңа өңірлік (локальдық) тарихы: оқыту мәселелері Қазақстанның жаңа өңірлік (локальдық) тарихы бойынша деректер, қалыптасу кезеңдері, археологиялық деректер және оларды оқу процесіне пайдалану. Қазақстанның жаңа өңірлік (локальдық) тарихы бойынша этнографиялық деректер, архитектуралық ескерткіштер. Қазақ қоғамындағы тарих айту дәстүрі материалдарының өңір тарихындағы орны мен маңызы. Шетелдік саяхатшылар мен зерттеушілердің Қазақстанның өңірлік (локальдық) тарихын зерттеуге қосқан үлесі.	5
3	КСРО-дағы тоталитаризм және оның Қазақстандағы салдары (1920-1950 жж.) Репрессияның және Кеңес биліктің жазалау жүйесінің мәні мен түсінігі. Саяси репрессиялардың бас кезіндегі Қазақстанның саяси және әлеуметтік жағдайы. Зиялылардың большевиктердің репрессиялық саясатына көзқарасы. XX ғ. 20-30 жылдарындағы Қазақстанның демографиялық мәселелері. Қазақ халқының тағдыры мен қасіреті. "Сталинизм"тоталитарлық жеке басқа табынудың классикалық феномені ретінде. «Кеңестік мәдениет» және кеңестік кезеңнің мәдениеті.	5
КП 2	КӘСПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ (КП)	49
1.	Орталық Азия түркі-моңғол этностарының XIII-XV ғ.ғ. этно-саяси, әлеуметтік тарихы Орталық Азия түркі-моңғол этностарының XIII-XV ғғ. этно-саяси,әлеуметтік тарихы пәні, міндеттері, уақыт шегі, категориялары. Дәстүрлі түркі-моңғол қоғамы. Шығыс феномені. Шыңғыс хан: аңыз бен ақиқат. Орта ғасырлық түркі-моңғол халықтарының тарихының деректемесі. Қытай деректемелері. Орта ғасырлық түркі-моңғол халықтарының тарихының деректемесі. XIII-XV ғғ. Түркі-моңғол этностары тарихының тарихнамасы. Орыс зерттеушілері. Алтын орда тарихы жөніндегі материалдар	5
2.	Қазақстан кеңес империясы құрамында: саясат, экономика, әлеуметтік қатынастар және мәдениет Өзін-өзі басқару құқығы: идея және тәжірибе. Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу жолдары туралы пікірталастар. Индустрияландыру және ұжымдастыру: "қазақстандық нұсқа". Дінмен қақтығыс. Мәдени революция. Аштық және оның салдары. "Үлкен террор". Соғыстан кейінгі идеологиялық науқандар. Ғалым-гуманитарийлер ісі және жаңа	5

	репрессиялар. Одақтық мемлекеттіліктіңыдырауы. Қазақстан жаңа мыңжылдықтың басында тұрақтандырудан серпінді дамуға дейін.	
3.	Қазақ қоғамының тарихи жады	5
	"Memory studies" пайда болуы және эволюциясы. XX ғ. «жад дүмпуі». Негізгі зерттеу концептілері: мүмкіндіктер мен межелер. Бірегейлік және ұжымдық жады. Дәстүрлердің пайда болуы. Тарихи саясат: пайда болу, әдістер, институттар. КСРО және Қазақстандағы жады саясаты. Жад және тарихи білім. Жад функцияналдары: ескерткіштер, мұражайлар, мерекелер, фотосуреттер. Аймақтық бірегейлік және жады.	
4.	Визуалды антропология	5
	Визуалды антропология пәні және оның түсінік аппараты. Зерттеу объектілері. Қазіргі әлемдегі визуалды әдістер. Қоғамның мультимәдени моделі. Мәдени айырмашылық теориялары. Жаһандану және мәдени әртүрлілікті сақтау мәселесі. Визуалды және визуалды емес компоненттерді, практикалық дағдыларды пайдалану және ақпараттық жүйелерді құру.	
5.	Зерттеу практикасы	9
	Зерттеу тәжірибесінде магистранттар ғылыми-зерттеу процесін ұйымдастырудың негізгі кезеңдері мен принциптерінің мазмұнына түсінеді, зерттеудің негізгі бағыттары, олардың кәсіби қызметі саласындағы қазіргі проблемалар және оларды шешудің негізгі әдістері мен тәсілдері. Әр түрлі көздердің жіктелуі мен ерекшеліктерін, зерттеу нәтижелерін ұсынудың әдістері мен құралдарын біледі.	